

**Бертран Иосифович РУБИНШТЕЙН** 1923 жылғы 19 тамызда Түрікмен КСР-ның Ашхабат қаласында дүниеге келді. 10-шы сыныпты ойдағыдай бітірген оны Москва қаласындағы темір жол көлігі инженерлерінің институтына (МТИИ) емтихансыз қабылдады.

Бертран Иосифовичтің теміржол өмірбаянының бастауы 1940 жылға келеді. Ұлы Отан соғысын Москва түбінде геодезиялық практикада жүргенде қарсы алды да, сол жерден өз еркімен майданға аттанды. Соғыс біткен соң 17 гвардиялық дивизияның «Красноармеец» майдан газетінің тілшісі болған оны Кеңестік ақпарат бюросы бөлімдерінің біріне редакторлық қызметке Москваға іссапарға жіберді. Кейін капитан әскери атағын алғаннан соң, МТИИ-дің қабырғасына қайта оралды. Бертран Иосифович 1949 жылы сталиндік стипендиат ретінде оқуын үздік бітірді.

КСРО Қатынас жолдары Министрлігінің жолдамасымен Қарағанды темір жолына тағайындалып, 1950 жылы Ақмола қаласына келді. Парк кезекшісі, маневр диспетчері, станция кезекшісі, бастықтың орынбасары, Ақмола станциясының бастығы, пайдалану бөлімінің бастығы, бас инженер, Қазақ темір жолы, Қарағанды, Ақмола жол бөлімшелері бастығының орынбасары болып жұмыс істеді. 1960 жылдың сәуірінен 1993 жылдың қыркүйегіне дейін - Қазақ және Тың теміржолы Қостанай бөлімшесінің бастығы, 1993 жылдың қарашасынан 1998 жылдың желтоқсанына дейін – Тың темір жолы бастығы жанындағы инспекцияның аға инспекторы болды.

Бертран Иосифович өзін жоғарыбілікті үздік кәсіби маман, өндірістің шебер ұйымдастырушысы, талантты басшы, кәсіби білгір инженер, өз елінің патриоты ретінде көрсете білді.

Оның осы саладағы жұмыс өтілі – 51 жыл. Бертран Иосифович оның 33 жылында Қостанай жол бөлімін басқарып, тек қана Қостанай облысы ғана емес, бұрынғы КСРО-ның да темір жол көлігінің қалыптасуы мен дамуына үлкен үлесін қосты. Оның жетекшілік етуімен Қостанай темір жолы қашанда жоғары өндірістік жетістіктерге жетті, Бүкілодақтық социалистік жарыстарда осы сала бойынша көптеген жүлделі орындарға ие болды, ұжым еңбектегі жоғары нәтижелері үшін ел Үкіметінің Құрметті белгілерімен марапатталды, жол бөлімі КСРО АШЖК-нің Құрмет Тақтасына жазылды.

Бертран Иосифович 30-дан астам орден-медальдермен марапатталды. Ол - Ұлы Отан соғысының ардагері, Қазақстанның еңбек сіңірген көлік қызметкері, Құрметті теміржолшы, КСРО-ның Құрметті доноры, Қостанай қаласы темір жол вокзалы құрылысы жобасын әзірлеуге атсалысқаны үшін КСРО Министрлер Кеңесі сыйлығының лауреаты, еңбек ардагері, «Қазақстан темір жолы Ұлттық компаниясы» АҚ Консультативтік кеңесінің мүшесі.

Б.И.Рубинштейн – Қостанай қаласының Құрметті азаматы, «Костанайские новости» өңірлік газетінің қоғамдық Кеңесінің мүшесі, «Қостанай баспа үйі» ААҚ директорлар Кеңесінің төрағасы.

**Б.И.Рубинштейнге «Қостанай облысының Құрметті азаматы» атағы Қостанай облыстық мәслихаты сессиясының 2013 жылғы 15 тамыздағы № 189 шешімімен берілді.**

**РУБИНШТЕЙН Бертран Иосифович** родился 19 августа 1923 года в г.Ашхабаде Туркменской ССР. После успешного окончания 10 классов его без вступительных экзаменов приняли в Московский институт инженеров железнодорожного транспорта (МИИТ).

Начало железнодорожной биографии Бертрана Иосифовича приходится на 1940 год. Великую Отчественную войну он встретил на геодезистской практике в Подмоскovie, откуда ушел добровольцем на фронт. По окончании войны, будучи фронтовым корреспондентом газеты «Красноармеец» 17 гвардейской дивизии, был откомандирован в Москву на должность редактора одного из отделов Совинформбюро. Затем после присвоения воинского звания капитан, был демобилизован и вернулся в стены МИИТ. В 1949 году Бертран Иосифович, как сталинский стипендиат, с отличием завершает учебу.

Получив в Министерстве путей сообщения СССР в 1950 году назначение на Карагандинскую железную дорогу, прибывает в г.Акмолинск. Дежурный по парку, маневровый диспетчер, дежурный по станции, заместитель начальника, начальник станции Акмолинск, начальник отдела эксплуатации, главный инженер, заместитель начальника Акмолинского отделения Карагандинской, Казахской железной дороги – ступени его трудовой деятельности в Акмолинске. С апреля 1960 года по сентябрь 1993 года - начальник Кустанайского отделения Казахской железной дороги и Целинной железной дороги. С ноября 1993 года по декабрь 1998 года - старший инспектор инспекции при начальнике Целинной железной дороги.

Бертран Иосифович проявил себя как высококвалифицированный специалист, замечательный организатор производства, умелый руководитель, инженер с большой буквы, патриот Родины.

Стаж его работы в отрасли 51 год. Из них 33 года Бертран Иосифович бессленно возглавлял Костанайское отделение дороги, внес огромный личный вклад в развитие и становление железнодорожного транспорта не только в Костанайской области, но и бывшего СССР. Под его руководством Костанайское отделение дороги всегда достигало высоких производственных показателей, за что присуждались многочисленные призовые места во Всесоюзном социалистическом соревновании отрасли, коллектив награждался за достижение высоких результатов в труде памятными Знаками Правительства страны, отделение дороги было занесено на Доску Почета ВДНХ СССР.

Бертран Иосифович награжден более 30 орденами и медалями. Он - ветеран Великой Отечественной войны, заслуженный работник транспорта Казахстана, Почетный железнодорожник, Почетный донор СССР, Лауреат премии Совета Министров СССР за разработку проекта и строительство железнодорожного вокзала в г.Костанай, ветеран труда, член Консультативного совета АО «Национальная Компания «Қазақстан темір жолы».

Б.И.Рубинштейн – Почетный гражданин г. Костанай, член общественного Совета региональной газеты «Костанайские новости», председатель Совета директоров ОАО «Костанайский печатный двор».

**Звание «Почетный гражданин Костанайской области» присвоено Рубинштейну Б.И. решением № 189 сессии Костанайского областного маслихата 15 августа 2013 года.**

